**«БЕКІТЕМІН»**
«Зайсан технология колледжі» КММ
директоры __________ Е.Т.Сейлханов
«31» 08 2018 ж.

# ЦИКЛДІК ӘДІСТЕМЕЛІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы Ереже

Циклдік әдістемелік комиссия білім беру процесін, нақты білім беру саласы мен оқыту пәндері бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру жұмысымен айналысып, колледждің негізгі ұйымдастырушы, шығармашылық бөлімшесі болып табылады.

ЦӘК бір бағыттағы пәндер қатарының оқытушыларын біріктіреді. ЦӘК құрамы 3 оқытушыдан кем болмай ұйымдастырылады, олар комиссия мүшелері.

Циклдік әдістемелік комиссияның оқу жылына арналған тізбесі колледж директорымен белгіленеді. Циклдік әдістемелік комиссияның жеке құрамы колледж директорымен бекітіледі.

ЦӘК жұмысын тікелей басқаруды білім беру мекемесі директорымен оқу жылына арналып, тәжірибелі оқытушылар қатарынан тағайындалған комиссия жетекшісі атқарады. Колледждің циклдік комиссиясын жалпы басқаруды колледждің әдістемелік кеңесінің төрағасы атқарады.

ЦӘК жұмысы әдістемелік кеңес төрағасы бекіткен оқу жылына арналған жоспар бойынша жүргізіледі. Пәндік комиссия отырысы айына бір реттен сирек болмауы тиіс.

ЦӘК қызметінің негізгі бағыттары

1.Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуін ұйымдастыру, тәжірибелік сабақтарды орындау, пәндер бөлімдері мен тақырыптарды меңгерту бойынша нұсқаулар, әдістемелік құралдар, оқу жұмысының жоспары мен оқыту пәндері бойынша бағдарламалар әзірлеу.

2.Оқыту технологиясымен қамтамасыздандыру, оқыту тәсілдері мен әдістерін, инновациялық педагогикалық технологияларды таңдау.

3.Оқушылардың әдістемелік және кәсіби шеберлігін арттыру, олардың кәсіби білімін толықтыру, жас мұғалімдерге көмек көрсету, ЦӘК құрамына кіретін оқытушыларды аттестаттау бойынша ұсыныс енгізу.

4.Жаңа педлагогикалық технологияларды, оқыту мен білім беру тәсілдері мен әдістерін зерттеу, қорыту және білім беру процесіне енгізу, ашық сабақтарды дайындау, өткізу және оларды талқылау.

5.Оқытушылардың ғылыми, шығармашылық жұмысын басқару.

6.Оқу бағдарламаларын, оқу, әдістемелік құралдарын, видеофильмдерді және басқа оқыту тәсілдерін қарастыру, оларға сын-пікір беру.

7.Оқыту пәндер кбинеттерінің жұмысы мазмұнына бірыңғай талаптарды шығару, циклдік әдістемелік комиссия құзыретіне қатысты оқытушылар жұмысының жоспарларын, ашық сабақтар өткізу жоспарларын, т.б. материалдарды талқылау және қарастыру.

3. ЦӘК қызметі

1.Білім беру мекемелерінің нұсқаулары мен бұйрықтарын, әдістемелік-бағдарламалық талаптарын пайымдау және оларды әрбір оқытушыға уақытында және дұрыс жеткізу.

2.Озат педагогикалық тәжірибені енгізу, құнды педагогикалық табыстармен алмасу.

3.Психолого-педагогикалық нұсқаулар мен жетістіктерді енгізу мен қолдану.

4. Нақты оқыту –тәрбиелеу процесін және оның нәтижелерін талдау.

5. Оқытушылардың педагогикалық қызметіндегі қиыншылықтары мен кемшіліктерін жеңу және олардан алдын-ала сақтандыру.

6.Оқытушылардың өз бетінше кәсіби білім алуына, өзін-өзі жетілдіруіне дайындық ұйымдастыру.

7.Оқытушының теориялық және грамматикалық құзыреттілігін дамыту.

4. Жұмыс мазмұны мен түрі

Тәжірибелі оқытушылардың жастармен өзара әрекеті; ғылыми жетістіктер мен тәжірибелерін, әдістемелік табыстарын қолдану:

- жаңа бағдарламар мазмұнын талқылауға арналған отырыстар;
- жаңа педагогикалық әдебиеттер және жаңа әдістемелік құралдар бойынша пікірталас; нормативті құжаттарды зерттеу;
- орта кәсіби білім берудің жаңалау жағдайындағы тәжірибелік және топтық сабақтар;
- колледжің алдына қойылған міндеттерін жүзеге асыру амалын көрсететін ашық сабақтар өткізу, тиімді оқыту әдістемесі;
- жаңа педагогикалық, медициналық мерзімділік пен басылымдарға қысқаша шолу жүйесі үшін қалыптасқан қызығушылықтарды ескере отырып, тапсырмаларды бөлу;
- әдістемелік кабинетке жыл сайын тапсырылатын оқытушылардың материалдарын: баяндамалар, әдістемелік зерттемелер, аналитикалық кестелер, оқу-әдістемелік құралдар, оқушылардың өздік жұмысы бойынша құралдарын анықтау;
- ЦӘК мүшелері тапсырмаларды жалпы колледждік әдістемелік жұмыс түрлеріне қатысу ретінде орындау тиіс.
- оқушылардың білімін бақылау мен талдау, бақылау жұмыстарына сын-пікір беруге оларды бағалауға бірыңғай тәртіп пен мөлшерлерін шығару, оқытушылар қиыншылықтарын анықтау; оқытушыларға әдістемелік көмек көрсету және оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді жетілдіру.
- ОПТ қорыту, тарату, зерттеу бойынша жұмыстардың қорытындыларын талқылау;
- ОҒЗЖ-ның конференциясы мен өткізілген үйірмелер жұмысын, кәсіби шеберлік конкурстар жұмысын талқылау.
- қорытынды мемлекеттік аттестаттау материалдарын, емтихандар өткізу үшін емтихан материалдарын дайындау, қарастыру және талқылау.

ЦӘК отырыстары ай сайын жоспарланып, теориялық семинарлар, пікірталас, іскери ойындар, дөңгелек үстелде кездесу түрінде өткізілуі мүмкін. ОӘК пәндерін құру бойынша жұмыс, нұсқауларды шығару,

үйірме жұмысы тәжірибесімен алмасу, жас мұғалімдермен тәжірибелік сабақтар
өткізу, оқушылардың білімі, икемі мен дағдысын бақылау кесіндісін өткізу және т.б. жұмыстар сессия аралық уақытына ЦӘК отырысына дайындық жұмысы түрінде жоспарланады.

5. Циклдік әдістемелік комиссия жетекшісінің міндеттері

1.Циклдік әдістемелік комиссия жұмысын ұйымдастыру.

2.ЦӘК жұмысының жоспарын құрастыру.

3.Комиссия мүшелері жұмысын зерттеу, оқыту сапасын бақылауды ұйымдастыру, оқытушылардың сабақтарға өзара қатысуын ұйымдастыру, ашық сабақтарды талқылау мен ұйымдастыруды басқару.

4.Комиссияның өткенде қабылдаған шешімдерінің орындалуының жүйелік тексерісін ұйымдастыру, комиссия отырыстарында тексерістің нәтижелерін хабарлау.

6. Іс жүргізу

1.Жұмыс жоспары.

2.Отырыстардың хаттамалары.

3.Семестр және жыл бойынша комиссия жұмысы жайында есеп.

4.Әдістемелік зерттемелер, баяндамалар, жарияланымдар және т.б.